

"Тіркелген тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 148 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.12.2024 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Астана қаласындағы "ЕХРО-2017" халықаралық мамандандырылған көрмесінің объектілері мен инфрақұрылымын салуға инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тіркелген тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 40-41, 390-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тіркелген тарифтерде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт "Астана ЕХРО-2017" жел электр станциясының жобасы үшін тіркелген тарифті қоспағанда, жел электр станциялары	22,68
---	--	-------

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1-1-жолмен толықтырылсын

"

1-1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт "Астана ЕХРО-2017" жел электр станциясы	59,7
-----	--	------

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК